"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ИНСПЕКЦИЯСЫ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ИНСПЕКЦИЯ ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, н/с
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
92070101 KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616
000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, б/н
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ

Департамент Казначейства по ЮКО БСН

09-15/1017
03.03.2018 ж.

**«СМК Не-Зина» ЖШС-нің**
**директоры Д.Асановқа**

Сіздің 19.02.2018 жылғы №6 өтінішіңізге сәйкес, ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан «ОҚО мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде *(әрі қарай - Мекеме)* аудиторлық іс-шарасы жүргізілді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шарамен, 2017 жылдың 27-желтоқсанында жарияланған № 2157610-1 «ОҚО, Мақтарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Жұлдыз елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы» жұмыстарын сатып алу бойынша жарияланған мемлекеттік сатып алу процедураларының Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнамаларының сақталуы қамтылды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 7 бабы 1 тармағына сәйкес, тапсырыс беруші - «Мақтарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ғ.Полатов «ОҚО, Мақтарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Жұлдыз елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы» жұмыстарына мемлекеттік сатып алу үшін конкурстық құжаттаманы бекітуге 2017 жылдың 26 желтоқсанында №222 бұйрығын шығарып, мемлекеттік сатып алу процедураларын өткізу үшін «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесін ұйымдастырушы ретінде таңдап, 26.12.2017 жылы конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізіп беруін сұранып №3380 хат жолдаған.

«ОҚО мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 27.12.2017 жылғы «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру туралы» № 533 бұйрығымен аталған мемлекеттік сатып алудың конкурстық комиссия құрамы бекітілген:

Заңның 18 бабының және Қағидалардың 45 тармағына сәйкес, 2017 жылдың 27-желтоқсанында https://**www.goszakup.gov.kz**/ веб-порталына конкурс тәсілімен «ОҚО, Мақтарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Жұлдыз елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы» № 2157610-1 хабарлама орналастырылған. Жұмыстарды сатып алуға жергілікті бюджеттен 036-015 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы сомасы – 47 501,3 мың теңге бюджет қаржысы қаралған.

2018 жылы ақпан айының 08 күні комиссия хатшысы конкурсқа қатысу өтінімдерін веб–портал арқылы ашып, веб – порталда № 1906958 алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланған.

Конкурсқа қатысуға 6 әлеуетті өнім берушілермен конкурстық өтінімдер тапсырылған.

Аталған алдын ала рұқсат беру туралы хаттама бойынша конкурстың аталған лотына қатысқан бірде бір әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттары талапқа сай емес деп танылған.

Заңның 28 бабының талабына сәйкес, конкурс қорытындысы туралы № 1941504 хаттама 2018 жылдың 15 ақпанында веб-порталда қалыптастырылып жарияланған және конкурсқа қатысуға тек бір әлеуетті қатысушы – «ТВИК» ЖШС-і жіберілуіне байланысты өтпеді деп танылған.

Соның ішінде, «СМК Не-Зина» ЖШС-нің конкурстық өтінімі 15.02.2018 жылғы № 1941504 конкурс қорытындысы туралы хаттама бойынша, *несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания материальными и трудовыми ресурсами, достаточными для исполнения обязательств по договору, указанным в конкурсной документации, установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: - отсутствуют машины и автотранспортных средств согласно перечня основных видов строительных машин и автотранспортных средств: Автогрейдеры среднего типа, 99 кВт (135 л.с.), Бульдозеры ДЗ-110В в составе кабелеукладочной колонны, 128,7 кВт (175 л.с.), Бульдозеры при сооружении магистральных трубопроводов, 96 кВт (130 л.с.), Катки дорожные самоходные гладкие, 13 т, Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 16 т, Краны на автомобильном ходу при работе на монтаже технологического оборудования, 10 т, Краны на автомобильном ходу, 16 т, Трубоукладчики для труб диаметром до 400 мм, 6,3 т, Машины поливомоечные, 6000 л, Экскаваторы одноковшовые дизельные на гусеничном ходу при сооружении магистральных трубопроводов, 0,65 м3 - не соответствие требованию о наличии собственных строительных машин и автотранспортных средств, указанных в перечне трудовых ресурсов и основных видов строительных машин и автотранспортыных средсв,* деген негіздермен конкурстан шеттетілген.

Қағидалардың конкурстық құжаттамасының 5 қосымшасындағы ескертудің 15 тармағына сай, *конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі,* делінген.

Бірақ, «СМК Не-Зина» ЖШС-і жобалаушы «НЦТЦ «САМИ» ЖШС-мен төмендегі техникаларды бір-бірін ауыстыратыны туралы келісімін веб-порталдағы конкурстық өтініміне тіркемеген: *Автогрейдер среднего типа, 99 кВт (135 л.с.), Бульдозеры ДЗ-110В в составе кабелеукладочной колонны, 128,7 кВт (175 л.с.), Бульдозеры при сооружении магистральных трубопроводов, 96 кВт (130 л.с.), Катки дорожные самоходные гладкие 13 т., Катки дорожные самоходные на пневмоколесном ходу, 16 т.*

Яғни, «СМК Не-Зина» ЖШС-ің конкурстық өтінімі мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына сай конкурстан шеттетілген.

Сонымен қатар, «ТВИК» ЖШС-нің конкурстық өтініміне жүргізілген бақылаумен анықталғаны:

«ОҚО, Мақтарал ауданы, Мақтарал ауылдық округі, Жұлдыз елді мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы» жұмыстарын жүргізуге қажетті құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының және негізгі мамандар тізбесі жобалаушы «НЦТЦ «САМИ» ЖШС-мен жасалынған.

Осы тізімде жобалық-сметалық құжаттамадағы жұмыстарды орындауға қажет деп көрсетілген құрылыс машиналары мен механизмдерінің ішінде «экскаваторы одноковшные дизельные на гусеничном ходу 0,4 м3», қажет екендігі көрсетілген.

«ТВИК» ЖШС-нің біліктілігі туралы мәліметтерінде, ОҚО, Қазығұрт аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мемлекеттік техникалық инспекциясында тіркелген экскаватор гусеничный Hitachi zaxis 2403G (меншікті, мемлекеттік тіркеу нөмері AUD X 218) техникасының техникалық паспортының көшірмесі тіркелген.

Қазығұрт аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміне, аталған техниканың тіркелгені (немесе тіркелмегені) жөнінде Департаменттің 14.02.2018 жылғы № 09-03/646 хаты жолданған.

Қазығұрт аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің 21.02.2018 жылғы № 144 жауап хатымен экскаватор гусеничный Hitachi zaxis 2403G тіркеу нөмері AUD X 218 тіркелмегенін мәлімдеді.

Бұл орайда, Заңның 10-бабы 1 тармағы, *Әлеуетті өнім беруші:*

*3) біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады,* деген 3 тармақшасының талаптары сақталмаған.

Нәтижеде, Қағиданың 150 тармағының талаптары сақталмай, «ТВИК» ЖШС-і конкурсқа жіберілген.

ОҚО мемлекеттік сатып алу басқармасына, анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы Нұсқама жолданатынын хабарлаймыз.

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, Департаменттің жауабымен келіспеген жағдайда, Сіз жоғары тұрған органға немесе сотқа қайта шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

**Басшының орынбасары** **Қ.Сапарбеков**

Орын: Ғ.Матжанов
Тел: 35-06-06 (117)